

- What is teachers' and students' perception on multilingual education in schools?

Generally, there was a high level of awareness of the issue. Most of them agreed with introducing multilingual education. Because of that generalization could be done to the whole population, as the target population was from 16 and higher.

- Do teachers and students feel positive affect of trilingual or bilingual education?

The majority of people was aware of the multilingual education, but did not fully recognize advantages and disadvantages of a new system. Theoretically, they are informed; however, practically they did not feel impact of multilingualism.

- Is there a difference in academic skills between monolingual and multilingual educated students?

According to answers of respondents there is a difference in academic performance between them. However, in a survey there were given two questions related to this question to be convinced in accurate results. In 8th questions, most of respondents did not mention high academic performance of trilingual students as an advantage of trilingual education. So, result of this question could not be fully precise.

Answers were sufficiently collected as had been planned. All respondents actively participated in a survey and an interview. However, according to sample size calculator, results are not so reliable, because margin of error was 5.19%.

Generally, it can be concluded that as new trilingual or bilingual educational system was involved, without a thorough analysis, students and teachers started learning it. Because of that, many educational problems still could find right solutions. Also, according to frequent answers of students like 'I do not know' and 'neutral' it can be summarized that they do not reflect deeply on the influence of language on their academic achievement.

Evaluation

Clear results were achieved after primary research. Strong side of survey is reliable generalization of answers. The difference in demographic levels: participating males and females, students and teachers, monolingual and multilingual people allow generalizing answers to population of Kazakhstan.

To improve confidence and be representative new observational experiment could be done. Math or physics problems will be given to both students: to monolingual student in their mother language, to multilingual students in the foreign language. Under similar conditions, despite the language, students will solve A- level problems. Further results from experiment could be used to compare their academic progress during school time. But complexity of school program in specialized school comparing with a state mainstream school did not allow making such experiment in primary research. Also it is advisable to other researchers to conduct an experiment in other regions of Kazakhstan.

References

1. Bilingual classes 'raise results'. (2007, March 15). BBC News. Retrieved from <http://news.bbc.co/>
2. Kiefer, H.M. (2003, July 8). Does Bilingual Education Translate to Success? Retrieved from <http://www.gallup.com/>
3. Jesse H. Ruiz, Chairman, Christopher A. Koch. (2011, December). Bilingual Education Programs and English Language Learners in Illinois. Retrieved from <http://www.isbe.state.il.us/>
4. Kazakhstan's trilingual strategy. (n.d). Elgazette News. Retrieved from <http://mag.digitalpc.co.uk/>
5. NABE National Association. (n.d.). Bilingual Education. Retrieved from <http://www.nabe.org/>
6. Mehisto, M. (n.d). Excellence in Bilingual Education. A Guide for School Principals. Retrieved from <http://education.cambridge.org/>
7. Westly, E. (2011). The Bilingual Advantage. Learning a second language can give kids' brains a boost. Retrieved from www1.biu.ac.il/

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ДАМЫТУДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢЕСТІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ҮЛЕСІ

Тебенова Қ.С., м.ғ.д., профессор; Туганбекова К.М., п.ғ.к., доцент;
Олексюк З.Я., п.ғ.м., аға оқытушы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім беру саласын дамытуда жоғары оқу жанында ашылған инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталықтың қызметі, мақсаты мен міндеттері қарастырылады. Инклюзивті жағдайында оқыту, инклюзивті білім беру жүйесі барша балаларға әлеуметтік өміріне белсене

қатысуға, сол сияқты барлық балалардың тең құқығын анықтап, қоғамның іс-әрекетіне қатысуға зор мүмкіндік беретін арнайы жүйе.

Түйінді сөздер: инклюзия, инклюзивті оқыту, инклюзивті білім беру жүйесі, мүмкіндігі шектеулі, ерекше қажеттілік.

Соңғы жылдары барлық әлем бойынша адамдағы жеке қажеттілікті түзету – педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімдік қажеттілігі мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық араластыруды қарастыратын «барлық бала үшін бір мектеп» немесе инклюзивті білім беру көкейкесті мәселеге айналып отыр. Инклюзивті білім беру саласы Қазақстанда даму үстінде екені мәлім. Аталмыш мәселені шешу дамуында ауытқулары бар балалар санының өсуімен байланысты кезек күттірмейтін шараларды талап етеді. Бүкіл әлеммен қатар, біздің елде де әр түрлі ұзаққа созылған кемістігі бар балалардың саны жыл сайын өсуде. Оңалту, бейімдеу, әлеуметтік қорғау және олардың қоғамға араласуына, білім алуына, оқуына қолдан келгенше көмек көрсету – мұқтаждығы ерекше балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қазіргі мәселелердің бірі.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытып тәрбиелеудің, үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзия білім берудің екі жүйесін: жалпы және арнаулы жүйелерді бір-біріне қарама-қарсы қоймай жақындатады. Жалпы білім беретін мектепте сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлесіп (интеграциялы түрде) оқуын ұйымдастыру кезінде кері салдарлар туындау мүмкіндігін азайту үшін инклюзивті білім беруге қажетті арнаулы жағдайлар тізбесін нақты белгілеп алу шарт. Бұл тізбе оқу үдерісін ұйымдастыруды, оқу мазмұны мен әдістемесін, балалардың үлгерімін бағалауды және т.б. қамтуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленіп кеткендей білім беру саласының мақсаттарының бірі – ол жалпы білім беру мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру, сонымен қатар, мектептердің жалпы санынан инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасалған мектептердің үлесін жылдан жылға арттыру болып табылады. Көпшілікке мәлім: инклюзивті білім беру жүйесі барша балаларға әлеуметтік өміріне белсене қатысуға, сол сияқты барлық балалардың тең құқығын анықтап қоғамның іс-әрекетіне қатысуға зор мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру, инклюзивті жағдайында оқыту – барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін дамуында мүмкіндігі шектеулі, ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өндеуге талпынады.

Инклюзивті оқытудың жалпы негізгі принциптері келесідей:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Осы принциптерді негіз ретінде санай отыра инклюзияны – балаларды олардың жыныстық, этникалық және дінге қатыстылықтары, оқудағы жетістіктері, денсаулық жағдайы, даму деңгейі, ата – аналарының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен басқа да айырмашылықтарына қарамастан жалпы білім беретін үдеріске толық енгізу үдерісі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясаты деп білуге болады.

Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқу қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткеніндей, бүгінгі қатаң білім беру жүйесінен балалардың бұл бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Ал, инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуды жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын

анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту – адамдармен қарым-қатынасқа қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру – бұл тәсіл, оның ортасында әр түрлі білімділік қажеттіліктері бар бала орналасады. Ендеше, инклюзивті білім беру барлық балалардың дамуындағы ауытқуларға қарамастан шынайы ортада бірдей бағдарламамен оқып, білім алуын қамтамасыз ететін тәсіл. Оның негізгі идеясы – барлық балалар бірдей қарым-қатынасқа мұқтаж.

Инклюзивті білім беру жүйесін, оқыту үрдісін және ақпараттық-әдістемелік қолдауды дамыту үшін білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында барлық жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталықтары ашылу қажеттілігі туындауда [1]. Осы аталып өткен міндетті іске асыру барысында бірқатар шаралар орын алған:

- Қазақстанда және шет елдерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға әлеуметтік медициналық-педагогикалық қолдауды көздейтін нормативтік-құқықтық негізіне талдау жүргізілді;

- инклюзивті білім беру жүйесін қамтитын мамандарды, «Дефектология» мамандығы бойынша бакалаврлар мен магистрлерді дайындау жүйесі қарастырылды;

- жалпы білім беру мектептердің оқушылары, ұстаздары, ата-аналары және педагогикалық мамандығының студенттері арасында «Жалпы білім беру үрдісіне мүмкіндіктері шектеулі балаларды енгізуге көз-қарас» зерттеу ғылыми жұмыстарын жүргізу;

- Қарағанды қаласындағы мектептердің, түзете-дамытушы сыныптардың және логопедиялық орталықтарының қызметі талданып бағаланды;

- Инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталық туралы ережесі әзірленді.

2013 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оның құрылымдық бөлімі ретінде инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталығы (ИББ КТО) құрылған. Аталмыш орталық қызметінің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі және мектеп, орта, жоғарғы және жоғарғы кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу, жұмыстың нәтижелерін білім беру үрдісінде қолданылуын қамтамасыз ету болды. ИББ КТО қызметі Орталық Қазақстан өңірінде инклюзивті білім беруді дамытуға, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге, инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асыратын білім беру мекемелеріндегі мамандарды қолдау жасауға негізденген. ИББ КТО өзінің әрекетінде ҚР Ата Заңына, ҚР «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған университеттің іс-шаралар жоспарына және жоғарыда аталып өткен ережесіне сүйенеді.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы Орталық бірқатар орынды мәселелерді қарастырып шешуде. Олардың ішінде:

- Қарағанды қаласында және облысында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру шарттарын анықтауда мониторингті ұйымдастыру және өткізу;

- инклюзивті білім беру саласында ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу;

- Қарағанды өңірінде инклюзивті білім беру тәжірибесін жүзеге асыратын мекемелердегі оқу үрдісіне зерттеу осы саладағы нәтижелерін енгізу;

- ғылыми-педагогикалық мамандарды, университет магистранттарын, студенттерін, және барлық инклюзивті білім беру субъектілерін жүргізілетін зерттеулерге жан-жақты араластыру.

Жалпы инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталығы өзінің іс-әрекетін үш бағытта жүргізеді: ұйымдастырушы-аналитикалық, зерттеушілік және кеңестік-әдістемелік.

Ұйымдастырушы-аналитикалық бағытта келесі шаралар атқарылуда:

- аймақта инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мақсатында білім беру мекемелерінің қызметін талдау;

- білім беру мекемелерінің инклюзивтік тәжірибесінің технологиялық, ақпараттық қамтамасыз етілу қажеттіліктерін анықтау;

- мүмкіндіктері шектелген балаларды білім беру үрдісіне енгізу мәселесіне қоғамның көзқарасын анықтау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

- инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогикалық мамандықтардан бакалавр мен магистрлар даярлау жүйесін зерттеу және талдау.

Зерттеушілік бағытта:

- инклюзивті білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздерін құру, инклюзивті білім берудің тәжірибелік-бағдарланған психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау технологияларын қалыптастыру;

- диагностикалық, түзете – дамытушылық әдістемелердің қорын және оларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулар құрастыру.

Кеңестік-әдістемелік:

- инклюзивті тәжірибені жүзеге асырушы білім беру мекемелеріне ғылыми -әдістемелік, кеңестік, ақпараттық қолдау жасау;

- мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен жұмыс жасау барысында инновациялық әдістермен мен технологияларды енгізуде ғылыми –әдістемелік қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу;

- инклюзивті білім беру жүйесінде жұмыс істейтін педагогикалық мамандарды даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын құру және жүзеге асыру;

- аймақта инклюзивті білім берудің тәжірибесін жалпылау және насихаттау;

- инклюзивті білім беру жүйесін дамыту мен қолдауға бағытталған іс-шараларды ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Осы бірден астам жыл аралығында Орталық біраз табыстарға жетті деуге болады. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру мәселесіне қатысты бірталай мекемелермен тығыз жұмыс байланыстар құрылды. Аталмыш мекемелер арасында түзету педагогика ғылыми-практикалық Ұлттық орталығы, Қарағанды облысының білім беру басқармасы мен бөлімі, «Кредо», «Ақбота» атты қоғамдық бірлестіктері, облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация және 2012 жылдан «Жалпы білім беру мектептегі мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивті білім беру» жобасы жүргізіліп отырған № 27 орта мектебі.

Қазіргі кезде университетте факультетінің педагогикалық ұжымы Орталықтың 2015 жылға дейінгі перспективті жоспарын және инклюзивті білім беру жүйесін дамытудағы педагогикалық кадрларды дайындауға арналған оқу-әдістемелік негізін модернизациялау үдерісін жүргізуде. Сонымен қатар Орталықта қызмет атқарып жүрген дефектология кафедрасы соңғы оқу жылдарының «Дефектология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына, жұмыс оқу жоспарына жаңа «Инклюзивті білім беру» атты модулін енгізіп жаңа пәндерден оқу әдістемелік кешендерді өңдеп студенттерге, болашақ арнайы мамандарға білім беру үстінде. Айтарлық, жоғарыда аталған орта мектебінің ұсынысымен «Инклюзивті білім беру негіздері», «Инклюзивті тәжірибені психологиялық-педагогикалық қолдау», «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқыту процесін ұйымдастыру», «Ерте жастағы балалар аутизміне шалдыққан балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық аспектілері» сияқты элективті профильді пәндер аталмыш модульдің құрылымына енген. Бұл пәндерді меңгеру барысында студенттер, яғни болашақ ұстаздар мен педагогикалық саласының қызметкерлері инклюзивті білім берудің мақсаты мен міндеттерін айқын білуді, мазмұны мен ұйымдастыру түрлері туралы мағлұмат алуды, тәжірибелік тапсырмаларды шешу барысында нақты ғылыми-теориялық білім жүйелерін қолдануды, ерте жастағы балалардың тәрбиесін жүйелеу және жалпылауды, бақылауды, ерте жастағы балалардың тәрбиесін жүйелеуді, олардың іс-әрекеттерін қарқындату түрлерін қолданудағы таңдаудың тиімділігін анықтауды және мүмкіндігі шектеулі оқушыларға толеранттық қарым-қатынас орнату үшін психологиялық-педагогикалық қызметтің қатарластығын көрсетуді оқып үйренеді.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылына арналған барлық «Білім беру» бағытының педагогикалық мамандықтары бойынша оқу жоспарларында 2 несиеден туратын «Арнайы педагогика» және «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп оқыту» атты пәндер орын алды. Сол сияқты, кафедра ұжымы жоғары оқу орындарының оқытушыларына және мектеп мұғалімдеріне инклюзия мәселесі аясында кеңес беріп оқытуда әдістемелік бағдарламалар әзірледі. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогикалық факультетінде 2013 жылы инклюзивті білім беру саясатын іске асыру мәселелерін жан-жақты қарастырып талқылау мақсатымен «Инклюзивті білім беру: мәселелері, тәжірибесі, перспективалары» атты дөңгелек үстел форматында отырыс жүргізілді. Аталмыш жиында Алматы қаласының түзету педагогика ғылыми-практикалық Ұлттық орталығынан, № 27 орта мектебінен өкілдері инклюзивті білім жүйесін жетілдіру аясында өз пікірлерімен, өз көз-қарастарымен бөлісті. Өткен жылдың наурыз айында факультетте «Дефектология» мамандығы бойынша студенттер арасында VI Республикалық пәндік Олимпиадасы өтті. Бұл ғылыми шараның негізгі тақырыбы «Инклюзивті білім беру жүйесінің бүгінгі жағдайы» болғандықтан еліміздің 10 жоғары оқу орындарынан келген сайысқа қатысушы 15 команданың студенттері арнайы және инклюзивті білім беру саласында қазіргі білім беру бағдарламаларына сәйкес «Түзете-дамыта оқытудың траекториясының» концепциясын және «Дефектолог мамандығы – ерекше білім алу

қажеттілігі бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық» атты эссені талқылауға ұсынды. Тағыда айта кететін жайт – биылғы университет бітіруші студенттер мен магистранттардың қорытынды ғылыми жобаларымен диссертацияларының тақырыптары да осы дамып келе жатқан инклюзивті саясатына арналған. Жәнеде инклюзивті тұрғыда балаларды оқыту мәселесі, сол сияқты аталмыш жүйесі жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп оқыту сұрақтарын шешуге бағытталған зерттеулердің нәтижелері профессорлік-оқытушы құрамының ғылыми мақалаларында жарық көрді.

Қорыта келе, инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталықтың белсенді іс-әрекеттері өңіріміздегі инклюзивті саясатына, инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруде, аталмыш жүйеге түрлі технологияларды тиімді өндіруге қабілетті, жаңа формациядағы мамандар дайындауда, қажетті оқу-әдістемелік негізін қатамасыз етуде әлі де зор үлесін қосады деген ойдамыз.

Әдебиет:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы.

ТІРЕК - ҚИМЫЛ АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНТҮЗЕТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Тебенова К.С., м.ғ.д., профессор;

Ишанова А.К., магистрант

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақала мазмұнында тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы мәселесі логопедия саласындағы маңызды, әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылатындығы жәнеде оны инновациялық технологиялар арқылы түзету механизмдері ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделген.

Тірек сөздер: тірек-қимыл аппараты, инновациялық технологиялар, жазбаша сөйлеу тілі, логопедия, дамыта оқыту технологиясы, оқу-тәрбие процесі, оқушы, педагог.

Тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытудағы қиындықтар дефектология ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып қалып отырғандығында. Сауатты жазу машығының бұзылуы мектептегі жүйелі оқу процесін қиындата түседі, оқу бағдарламасын меңгеруде кедергі жасайды, үлгерімді төмендеті түседі.

Тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың сөйлеу тілінде дыбыстық анализ-синтездің жеткіліксіздігінен сөздің дыбыстық құрамын бұрмалау, сөздік қордың аздығынан және семантикалық кемшіліктерге байланысты лексика-грамматикалық қателер, әріп кескіндерін есте сақтау қиындығына байланысты графикалық қателер, түрлі аграмматизмдер жиі кездесетіндігі мәлім.

Баланың тілдік жүйені меңгеруі оның негізгі психикалық процестерін қайта құрады, сөйтіп, сөз – психикалық әрекетті қалыптастыратын күшті фактор ретінде қолданылады. Ол зерденің, естің, қиялдың, ойлау мен әрекеттің жаңа түрлерін жасап шығарады. Баланың тілді толық меңгеруі – оның қарым-қатынасының жоғары деңгейге көтерілгендігін көрсетеді, оның жеке тұлғасының қалыптасуына жол ашады. Жалпы тіл - әлеуметтік бейімделудің ең тамаша жолы. Тіл дамыту жұмыстары барлық сабақтарда өткізіледі [1].

Тіл дамытудың негізгі мақсаттары:

1. Оқушының тілдік дамуын зерттеу.
2. Тіл ақауын түзету және дыбыстау машығын қалыптастыру.
3. Сөздік қорды анықтау, байыту және белсенділендіру.
4. Сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құруға үйрету.
5. Ауызша тілдің диалогтық және монологтық түрлерін дамыту, кемшілігін түзету.
6. Өз ойын байланысты түрде логикалық ретпен жеткізу.

Бұл мақсаттар өзара тығыз байланысты, сондықтан кешенді түрде орындалады.

Оқушының тілін дамытудың тиімділігі белгілі бір шарттармен байланысты.

Соның бірі – сөйлеудің мазмұны мен сөйлеудің қажеттілігі. Егер балаға сөйлеу қажетсіз болса немесе оның айтатын ешнәрсесі болмаса, сөйлегісі келмесе – тіл дамыту мүмкін емес. Сондықтан баланы қоршаған ортасындағы дүние мен құбылыстар туралы білімін тексеру тіл дамытудың әдістемелік шартына жатады. Балалар оқығанын талдайды, өткен сабақтармен байланыстырады, белгілі бір пәнді, құбылысты, затты қарастырады, зерттейді, басқамен байланыстырады, салыстырады, практикалық жұмыстар жүргізеді, қорытындылайды т.б. Сөйтіп, мұғалім оның тілін